

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

03 мамыр 2023 жыл

KASE мен CASE ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды

2023 жылғы 03 мамырда "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) және «Орталық Азия қор биржасы» ААҚ (CASE) Астанада Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонның мемлекеттік сапары аясында Қазақстан-Тәжікстан бизнес-форумы барысында Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) қол қойды.

Меморандумның мақсаты Қазақстан Республикасы және Тәжікстан Республикасының капитал нарықтары мен қор биржаларын дамыту саласында тәжірибе алмасу болып табылады.

Ынтымақтастық аясында биржалар қазақстандық және тәжікстандық капитал нарығын түсінуді жақсарту, сондай-ақ биржалық нарықтардың өтімділігін арттыруға бағытталған бірлескен өнімдерді енгізу мүмкіндігі бойынша бірлескен іс-шараларды өткізуге ниетті.

Аталған құжат жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін ашық, сенімді инвестициялық ортаны қалыптастыруға, қысқа және ұзақ мерзімді перспективада компаниялар үшін неғұрлым тиімді шарттармен қосымша капитал тартудың жаңа мүмкіндіктерін жасауға, Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының қор нарықтарының кәсіби қатысушыларына арналған сауда алаңдарына қолжетімділік технологияларын дамытуға ықпал ете алады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының қор нарығын капиталдандыруы бойынша бесінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығындағы операциялар – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Биржаларының Халықаралық Ассоциациясының (MAE ТМД) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. сондай-ақ БҰҰ-ның «Тұрақты даму үшін қор биржалары» бастамасының мүшесі.

"Орталық Азия қор биржасы" ААҚ (CASE) – Тәжікстан Республикасындағы жалғыз қор биржасы және корпоративтік бағалы қағаздардың, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда алаңы. CASE 2015 жылдың сәуір айында құрылған. CASE ТМД биржаларының Халықаралық қауымдастығының (ТМД БХҚ) мүшесі, Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) бақылаушысы және БҰҰ-ның «Тұрақты даму үшін қор биржалары» (UN SSE) бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 53 42, pr@kase.kz.